

«Бекітемін»

«Балаларды ерте дамыту

институты» РММ директоры

М.Адамова

«01» қаңтар 2023 ж.



**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»
республикалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін айқындайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** заманауи жағдайда үздік педагогикалық тәжірибені анықтау, жалпылау және тарату.

1.4. Міндеттері:

- қазіргі жағдайда жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттерді дамыту;
- педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және инновациялық қызметке ынталандыру;
- балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- тәрбиеші мамандығының беделін арттыру.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары..

2.2. Байқауға кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері (педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

2.3. Байқау үш кезеңде жыл сайын өткізіледі:

I кезең – аудандық, қалалық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) деңгей (*ағымдағы жылы ақпан*);

II кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) деңгей (*ағымдағы жылы сәуір*);

III кезең – республикалық деңгей (*ағымдағы жылы мамыр*).

2.4. Өңірлерде байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандық, қалалық білім бөлімдері, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет-ресурстарда байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Педагогтердің құжаттарын (материалдарын) бағалау үшін байқаудың барлық кезеңдерінде басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 9 адам) деңгейінде Өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Өңірлік комиссия аудандық, қалалық білім бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының қызметкерлері, педагог-зерттеушілер, педагог-шеберлер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, әдістемелік қызметтер, білім беру саласындағы ғылыми және талдамалық ұйымдардың қызметкерлері (сарапшылары), сондай-ақ білім беру саласындағы үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

2.7. Өңірлік комиссия байқауға қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді және бағалайды.

2.8. Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін қатысушы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белсенді сілтемені көрсете отырып өтінім береді (байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға II кезеңге қатысуға жол беріледі; II кезеңнің нәтижелері бойынша жеңімпаздарға III кезеңге қатысуға жол беріледі), электрондық форматта келесі құжаттар (материалдар) қоса беріледі:

1) қатысушының **өтінімі** (осы Ереженің 1-қосымшасы);

2) аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **Өңірлік комиссиясының хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

3) Материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) белсенді сілтеме көрсетіле отырып, оқыту тіліндегі педагогтің **Е-портфолиосы** (осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес педагог портфолиосының құрылымы);

4) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бейнероликке қойылатын талаптар мен техникалық шарттарға сай ұзақтығы 7 (жеті) минутты құрайтын **кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір бейнематериалы**;

5) «Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогтің рөлі» тақырыбында 500 (бес жүз) сөзден аспайтын **эссе**.

6) III турда облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасының **ілеспе хатының** болуы міндетті.

2.9. Байқаудың II және III кезеңдеріне жүлдегерлер, 1 және 2 орын иегерлері жіберіледі (3 жеңімпаздан артық емес).

Байқау нәтижелері осы Ережеге 4-қосымшада орналастырылған қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

3. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар

3.1. Облыстық кезеңнің жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде байқауға қатыспайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде

орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

3.3. Жіберілген материал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

4.1. Республикалық III кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауының атауымен i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына **2023 жылдың «19» мамырынан** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран-при;

- I орын;

- II орын;

- III орын.

Номинациялар

- Іскер педагог;

- Креативті педагог;

- Өнерлі педагог;

- Жаңашыл педагог.

5.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздарына тамыз кеңесі жұмыстарының шеңберіндегі МДҰ педагогтерінің секциясында өз қызметін таныстыруға мүмкіндік беріледі.

5.3. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

5.4. Байқау тамыз кеңесі аясындағы мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің секциясында қорытындыланады, байқауға ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Институттың www.irrd.kz сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 28-09-50

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»
республикалық байқауға қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
3.	Лауазымы	
4.	Педагогикалық өтілі	
5.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді)	
6.	Біліктілік санаты	
7.	Байланыс телефон нөмері, электронды пошта	
8.	Материалды қарау үшін белсенді ссыла	
9.	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет бейнематериалы орналастырылған YouTube платформасындағы бейнематериал сілтемесі	

«Педагогтің Е-портфолиосы»

Байқауға қатысушы материалдарды қарау үшін қатысушының өтінімінде (осы Ережеге 1-қосымша) бір ғана белсенді сілтеме беруі тиіс.

Е-портфолио келесілерді қамтиды:

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.

- тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), міндетті түрде 3x4 көлемінде фотосурет салынған;

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- еңбек өтілі;

- білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

- біліктілікті арттыру (сертификаттар мен куәліктердің соңғы 5 (бес) жылдан аспайтын көшірмелері);

- наградалары (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгілер куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері);

- педагогтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Педагогикалық ұйымдары, білім беру ұйымдарының басшылары, әріптестер, басқа қоғамдастықтардың өкілдері деп тану (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғамдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, дипломдар).

2. Педагогикалық қызмет мониторингі:

- педагогтің соңғы 3 (үш) жылдағы кәсіби, шығармашылық байқауларға және спорттық жарыстарға қатысуы туралы мәліметтер (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады);

- тәрбиеленушілердің соңғы 3 (үш) жылдағы жобалар, шығармашылық байқаулардағы және спорттық жарыстардағы жетістіктері (тиісті сертификаттармен, грамоталармен, дипломдармен расталады).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

- педагогикалық тәжірибені жинақтау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалардың үзінділері (болған жағдайда), педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату);

- зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференциялардағы баяндамалар туралы мәліметтер);

- тәрбие жұмысы бойынша құжаттар (материалдар) (экологиялық, еңбек, адамгершілік тәрбиесі және ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша материалдар);

- соңғы 3 (үш) жылда (web (веб) -ресурстарда және әлеуметтік желілерде ақпаратты тұрақты орналастыру, балаларды тегін оқыту - растайтын құжаттарды (материалдар), ақпараттық жүйесінде сілтемелерді тіркеу).

Қатысушылардың «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» байқауына бағытталған кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалына қойылатын талаптар мен техникалық шарттары

1. Байқауға Ереженің талаптарына сәйкес келетін кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейнематериалы ұсынылады.
2. Ең төменгі ажыратымдылық-720 x 480 (12:8 см).
3. Бейне сабақтың ұзақтығы - 7 (жеті) минут.
4. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің үзіндісі YouTube (YouTube) бейне платформаларына жүктеледі, Өтінімде сілтеме орналастырылады.
5. Орындалуы керек жалпы талаптар:
 - тәрбиелеу-білім беру процесін қызықты ойын түрінде ұйымдастыру;
 - заманауи инновациялық технологияларды қолдану;
 - жайлы заттық дамытушы ортасын пайдалану;
 - санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;
 - білім беру салаларының кіріктірілуін қамтамасыз ету (әр түрлі іс-әрекет түрлерінің, мазмұнының өзара байланысы);
 - балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру (әдістері мен тәсілдері);
 - білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауына қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері (5 балл)

№	Критериілер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жетістіктерін бағалау	1.1	Соңғы 3 (үш) жылда халықаралық /республикалық/ облыстық кәсіби шеберлік байқауларының дипломдарының болуы
		1.2	Оқу-әдістемелік кеңесі (республикалық/ облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен Астана) бекіткен авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды (соңғы 3 жылда) әзірлеу және енгізу
		1.3	Білім беру және тәрбие саласында халықаралық/республикалық/облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында немесе республикалық/облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдары бар
		1.4	Мемлекеттік/ ведомстволық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың наградалары мен көтермелеулерінің болуы
2	Шығармашылық бастаманы дамыту және педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру	2.1	Республикалық/ облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар мен астана деңгейлерінде семинарлар, мастер-кластар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу
3	Соңғы 3 жылдағы тәрбиеленушілердің жетістіктері	3.1	Балалар байқаулары мен зерттеу жобалары (республикалық/ облыстық және республикалық маңызы бар қалалар мен астана) дипломдарының болуы
4	Эссе (500 сөзден артық емес)	4.1	Тақырыпты ашу. Өзінің зерттеу нәтижелерін пайдаланады
		4.2	Логикалық және дәйектілік, қорытындылардың болуы